



**Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 маусым N 694.  
Күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.12.14. N 1917 қаулысымен. ~P991917

"Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 қыркүйектегі N 950

Р 9 9 0 9 5 0 \_

қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының  
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1999 жылғы 2 маусымдағы  
N 694 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі  
мемлекеттік комиссиясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік

комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңестік орган болып табылады, қару-жарақты әскери техниканы және екіұдай мақсаттағы өнімді экспорттық бақылау саласында ұсыныстар әзірлейді.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның шешімдері ұсыныстық сипатта болады.

## 2. Комиссияның негізгі міндеттері

4. Комиссияның өз қызметі аясындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында экспорттық бақылау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

2) қару-жарақтың, әскери техниканың және екіұдай мақсаттағы өнімнің экспортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

3) экспорттық бақылау саласында Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі халықаралық режимдерге қатысуы жөнінде ұсынымдар дайындау.

## 3. Комиссияның функциялары

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен мына функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасында экспорттық бақылау жүйесінің жұмыс істеуіне және жетілдірілуіне жәрдемдеседі;

2) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан Республикасының сараптама кеңесімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық экспорттық бақылау режимдерін (Ядролық берермендер тобы, Ракеталық технологияларды бақылау режимі, Австралиялық топ, Вассенаар уағдаластығы және тағы басқалар) қатысу мүмкіндігін қарастырады;

3) жаппай қырып жоятын қаруларды және оны жеткізетін зымыран құралдарын жасау кезінде қолданылатын шикізаты, материалдарды, жабдықтар мен технологияларды әзірлеу, жаңарту және өндіру саласындағы экспорттық бақылау мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлейді;

4) экспорттық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) әскери өндірісті конверсиялау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) көпжақты экспорттық бақылау саласында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жайында ұсынымдар әзірлейді;

7) экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеудің ережелері мен тетіктерін әзірлеуге қатысады;

8) экспорттық бақылауға жататын өнімдер контрабандасының фактілері анықталған жағдайда қарсы әрекет ету жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) экспорттық бақылауға жататын өнімдер экспортының белгіленген ережелерін бұзуға жол бермеу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

10) үйлестірілген бақылау тізімдерін және экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспортына бақылаудың бірдейлендірілген ережелерін әзірлеу жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

11) бақылау тізімдеріне енгізілген жабдықтарды, шикізатты, материалдар мен технологияларды үшінші елдерге экспорттаудың ұлттық ережелері мен рәсімдерін ТМД кеңістігіндегі интеграциялық құрылмаларға қатысушы мемлекеттермен үйлестіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

12) экспорттық бақылау саласындағы шетелдік тәжірибені зерделейді;

13) экспорттық бақылауға жататын өнімдерді экспорттау саласында даулы мәселелер туындалған кезде консультацияларды жүзеге асырады;

14) ядролығын қоса алғанда, қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау жөнінде шешімдер қабылдау тетігін ұ с ы н а д ы .

#### 4. Комиссияның құқықтары

6. Комиссия өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттерді о р ы н д а у к е з і н д е :

1) Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне Республиканың стратегиялық мүдделерін қорғау жөніндегі ұсыныстарды табыс етуге;

2) өз құзыретінің шектерінде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдардың қызметі үшін хаттамалар түрінде шығарылатын ұсыныс сипатындағы шешімдер қабылдауға;

3) Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша нормативтік

құқықтық актілерді әзірлеуге ұсыныстар енгізуге және қатысуға;

4) экспорттық бақылау жөніндегі жұмыс топтары үшін, сондай-ақ орталық атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардың қызметі үшін Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеуге, өз отырыстарында олардың басшыларының есептерін, ақпаратын, хабарларын тыңдауға, шикізаттардың, материалдардың, жабдықтардың, технологиялардың және қызметтер көрсетудің жеке түрлерінің экспортын бақылауды күшейту жөнінде шұғыл шаралар қолдану туралы ұсыныстар беруге;

5) мемлекеттік басқару органдарынан және өзге де ұйымдардан Комиссияға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажет материалдарды сұратуға;

6) екіжақты және көпжақты негіздегі үкіметаралық ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдерді әзірлеуге және Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуға;

7) экспорттық бақылаудың мәселелерін пысықтау үшін жұмыс топтарын құру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

## 5. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

7. Комиссияны оның Төрағасы болып табылатын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басқарады. Комиссия Төрағасы болмаған уақытта оның өкілеттіктерін Комиссия Төрағасының орынбасары атқарады.

8. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады және таратылады. Отырыстарға комиссия мүшелері алмастыру құқығынсыз қатысады.

9. Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

10. Комиссияның жұмысы ағымдағы және келешекті жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет, оның жартысынан астам мүшелері болған жағдайда өткізіледі.

11. Отырыс күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешімдер отырысқа қатысқан Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Шешімдерді қабылдау кезінде Комиссия мүшелерінің дауыстары тең дәрежелі болады. Дауыстар тепе-тең болған жағдайда Комиссия Төрағасының дауысы ш е ш у ш і б о л ы п с а н а л а д ы .

12. Комиссия отырыстары күн тәртібінің мәселелерін қараудың

нәтижелері (олардың әрқайсысы бойынша дауыс беру нәтижесін көрсете отырып )

отырысқа қатысқан Комиссия мүшелері қол қоятын тиісті хаттамаларға енгізіледі.

13. Бұл хаттамаларға Комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде -

Комиссия төрағасының орынбасары қол қояды.

14. Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және ол өткізілгеннен кенін хаттамаларды ресімдейді.

15. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі болып табылады.

Оқығандар:

Омарбекова А.

Қасымбеков Б.